

**Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласының білім бөлімінің «Еркетай» бөбекжайы КМҚК
камқоршылық кеңесі отырысының №4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 14.03.2023 жыл

Қатысқандар: балабақша м.а., балабақша медбикесі,
Ә.Н. Ибраев - Қамқоршылық кеңесінің төрағасы;
С.И. Кайрсақова - хатшы;

Мүшелері:

М.С.Қожахметова
Г.Е.Ермаганбетова
А.Н.Аканова
А.К.Каспақова
Г.С.Жумабекова
А.С.Корбозова
Е.Дубай

Шақырылды:

А.Жумабекова – бөбекжай әдіскері
З.Б.Убисова – бөбекжай медбикесі

Күн тәртібі:

1. Тәрбиеленушілерде тамақтану мәдениетінің, салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау.
- 2.«Еркетай » сәбилер - балабақшасының «Наурыз» ұлттық мерекеге дайындауға көмек беруді ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша, камқоршылық кеңесінің мүшелері медбике Убисова Замира Бахтияровнамен бірге балабақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын зоналармен, технологиясымен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Балабақшаның жазғы, қысқы 10 күндік меню-калькуляциямен танысты. Балабақша медбикесі Убисова Замира балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша презентация көрсетті. Ол ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар медико-профилактикалық шаралар атап айтқанда, дәрумендітерапия С дәрумені, лимон, итмұрын қосылған шәй, компот, мәзірге күнделікті дәруменді таңғы ас (банан, алма, шырын) тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетінін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Ата-аналар үшін жадынамалар топтарда ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Г.Е. Ермаганбетова: балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын,-деді. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі гигиеналық рәсімдердің бір уақытта күн сайын қайталануымен қамтамасыз етіледі, ал бұл мінез-құлық мәдениетінің дағдылары мен әдеттерінің біртіндеп қалыптасуына жағдай жасайды. Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін арнайы сергіту сәттері жасалады. Мұндай жаттығулар баланың дене бітімін, аяқ қолдарын түзу, дене мүшелерінің үнемі қозғалыста болуына, қан айналым жүйесінің жақсаруына, көңіл күйлерінің көтеріңкі, оқу іс-әрекеттерінде белсенділігін арттырады.

Балаларды тамақтану кезінде үстел басында дұрыс отыруға, тамақты мұқият және баяу шайнап, асхана аспаптары мен сүлгілерді қолдана алулары үйретіледі. Ал асханадағы кезекшіліктер, тек қана үстелді дұрыс жабдықтап қана емес, сонымен бірге кезекшілікке кіріспес бұрын міндетті түрде қолдарын тазалап жуу, өзін тәртіпке келтіруі керек. Білім беру процесінде салауатты өмір салтын күнделікті күн тәртібінде қалыптастыруды қолдану арқылы балалардың денсаулығын сақтауға, шынықтыруға және нығайтуға ықпал ететін денсаулық мәдениетін, дене бітімі қасиеттерін тәрбиелеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыруға бағытталған.

Екінші мәселе бойынша, Наурыз мейрамының негізгі мақсаты-Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Балаларға Ұлыстың ұлы Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың ұмытылып бара жатқан салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын жаңғырта отырып еске түсіру, «Наурыз» Қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету. Балаларды елін сүйуге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге тәрбиелеу. Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында «Еркетай» бөбекжайының топтары мен топ тәрбиешілердің ұйымдастыруымен «Қош келдің, Әз - Наурыз» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Балалар халқымыздың ескі әуендерін, би өнерлерін театрландырылған көріністер, аспаптар оркестрі арқылы жаңғыртып, концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Болашақта халқымыздың ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерін, ойындарын, тағамдарын көріністер қою арқылы, балалардың есінде мәңгі қалуына ықпал ету қажет.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрағасы Ә.Ибраев қорытындылады. Аталмыш шарада «Еркетай» бөбекжайының қызметкерлерімен бірге ата-аналар да атсалысып, өнерлерін көрсетіп, театрландырылған көріністерге қатысты. Барлық педагогтар ұлттық киімдер киіп келіп мерекелік көңіл күй сыйлады. Наурыз мерекесі қаламыздың мешітінің бас имамы Әсет мырзаның ақ ниетті батасымен, жақсы сөздермен аяқталды. Мерекелік іс-шара мақсатына жетті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін; салауатты өмір салтының дағдылары өз деңгейінде деп есептелсін;
2. Балабақшада тәрбиеленушілердің ата-аналары Наурыз мерекесіне атсалысып, шаралар үздік ұйымдастырылған деп есептелсін;

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Ә.Ибраев


Хатшы:



С.И. Кайрскакова

Мүшелері:

М.С.Қожахметова



Г.Е.Ермаганбетова



А.Н.Аканова



А.К.Каспакова



Г.С.Жумабекова



А.С.Корбозова



Е.Дубай

